

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР  
ИНСТИТУТЫ

**Әлихан Бөкейханның 155 жылдығына арналған  
«ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ КӨРКЕМ ӨНЕР»  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
материалдары**

Алматы – 2021

УДК  
ББК  
К22

ҚР БҒМ Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі шешімімен баспаға ұсынылған

**Редакциялық алқа:**

Орда Г.Ж. – филол.ғ.д. (жауапты редактор), Сарсенбаева Ж.Б. – PhD докторант (жауапты шығарушы).

К22 Әлихан Бөкейхан және көркем өнер: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: ТОО «Принт Экспресс издательство и полиграфия» 2021. – 226 б.

**ISBN**

«Әлихан Бөкейхан және көркем өнер» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағына қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ұлт азаттық қозғалысының теориялық негізін салушы әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы, Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейханның өмірі мен қызметі, шығармашылығы туралы мақалалар топтастырылды.

**ISBN**  
821.512.122.0

УДК  
ББК 83.3 (5 қаз)  
К22

© М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

**РАҚЫШ ЖҰМАШАЙ САЙЛАУҚЫЗЫ,**  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институты «Қолжазба және текстология»  
бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері,  
филология ғылымдарының кандидаты.  
Алматы, Қазақстан

## **ЖЫРЛАР МЕН АҢЫЗДАРДАҒЫ ӘЙТЕКЕ БИ БЕЙНЕСІ**

**Түйін.** Мақалада Әйтеке бидің тұлғалық портреті мен оның атқарған қызметі жырлар мен аңыздарда сақталғаны айтылады. Кіші жүздің бас биі, «Жеті жарғы» Ұлы дала заңдар жинағы авторларының бірі Әйтеке би есімі халық жадында мадақталады.

**Резюме.** В статье рассматривается личностный портрет Айтеке би и его деяния в эпосах и преданиях. Народная память прославила имя главного бия Младшего жуза Айтеке би, одного из главных авторов свода законов Великой степи «Жеты Жаргы».

**Summary.** The article considers the personal portrait of Aiteke bi and his deeds in epics and legends. People's memory glorified the name of the chief biy Junior zhuz Aiteke bi, one of the main authors of the code of laws of the Great Steppe "Zhety Jargy".

Ел тұтастығын, руаралық ынтымақ-бірлікті сақтауда, дау шешуде әділдігімен танылған қазақ билері бір ауыз кесімді сөзімен небір даулы мәселенің оң шешімін тауып отырған. Өз Тәуке хан заманында Ұлы жүздің бас биі Төле би Әлібекұлы, Орта жүздің бас биі Қазыбек Келдібекұлы және Кіші жүздің бас биі Әйтеке Байбекұлы елдің бірлігін сақтауға шақырды. Олар Түркістанды Қазақ хандығының астанасы қылу, үш жүзді бір орталыққа бағындыру, Қазақ хандығын күшейту, туыс қазақ, қарақалпақ, қырғыз және өзбек халықтарының жоңғар-ойрат басқыншыларына қарсы әскери одағын құру туралы шараларды жүзеге асыруға белсене атсалысты. Тәуке, Сәмеке, Әбілмәмбет және Абылай хан тұсында мемлекет басқару ісіне ықпал ете алған.

Халқымыздың ауызша тарихында үш битуралы көптеген тарихи аңыздар сақталып қалған. «Абылай хан» жырында Сабалақ деген атпен Төле бидің жылқысын баққаны жөнінде айтылады. Абылай хан жоңғарлар қолына түсіп қалған шақта, Қазыбек бионы

тұтқыннан босатып алуға белсене атсалысқан дипломат ретінде көрінген.

Ел арасында «айыр тілді Әйтеке» атанған қазақтың атақты үш биінің бірі, Тәуке хан құрған «Хан кеңесіне» кіші жүз жұртының атынан мүше болып сайланған, «Жеті жарғының» өмірге келуіне айрықша еңбек сіңірген Әйтеке би Байбекұлы (1644-1700)жөнінде көптеген жыр-аңыздар бар [1].

Қазақтың халық ақыны, жыршы, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Қазанғап Байболұлы (1891-1945) ел есіндегі аңыз-әңгімелер мен шежірелердің негізінде жырлаған «Төле бидің тарихы» жырының қолжазбасы Орталық ғылыми кітапхананың Сирек қолжазбалар қорында сақтаулы[2]. Жыр алғаш рет 1991 жылы М.Қалдыбаевтың баспаға әзірлеуімен жарыққа шықты [3; 4], кейін 2008 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 57-томында жарияланған [5, 9-172]. Жырда Ұлы жүздің төбе биінің өмірі мен саяси қайраткерлік тұлғасы, сонымен қатар XVIII ғасырдағы жоңғар басқыншылығына қарсы күрес жолында қазақ халқының басын қосуда Тәуке, Әбілхайыр, Абылай хандар мен Төле би, Қазыбек, Әйтеке билердің еңбегі, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Олжабай, Өтеген, Қойгелді, Жәнібек батырлардың ерлік істері көркем бейнеленген [5, 28].

Қазақ елінің тұтас шежіресінен сыр шертетін жырдың «Үш бидің бас қосқан жері» атты тарауында Әйтеке биді былай сипаттайды:

«Онан да өткен Әйтеке,  
Қудан ұшқыр, құланнан,  
Мұндай шешен болмайды.  
Бір сөзін жүз мақалдап,  
Сипаттап қандай тіркейді.  
Түршіктіріп демінді,  
Барған сайын өрлейді.  
Таудай сөзге тарыдай,  
Қию тауып сөйлейді.  
Ерегіссе біреумен,  
Қара жерге теңейді.  
Қанша ділмәр дегендер,  
Ширегіне келмейді» [5, 40].

Жырда үш жүздің қабырғалы үш биі: Төле би Әлібекұлы, Қазыбек би Келдібекұлы және Әйтеке би Бәйбекұлы ел ішіндегі даулы істерді бір-бірімен ақылдасып, шешім шығарып отырғаны, бірінің кесімді пікіріне екіншісі қолдау танытып, өзара ынтымақты болғаны:

«Әйтекеге дау келсе,  
Қазыбекке жіберіп,  
Үрмет айтып Қазыбек,  
Төле биге итеріп,  
Оларсыз жұмыс қылмайды.  
Үшеуінің басы бірікпей,  
Ердің құны тұрмайды.  
Ынтымақ болып арасы,  
Тұрушы еді сонымен»

деген өлең жолдарынананғаарылады [5, 41].

Ал Қарман Сұлтанұлы жырлаған «Жанқожа батыр туралы» жыр нұсқасында Төртқараның елінде Әйтекенің тұқымы – Жанқожаның ататек шежіресібаяндалады. Кенесары хан Кіші жүз Әлім елінде беделін, ықпалын арттырып, Қоқанға қарсы соғыста одақтасу мақсатында Жанқожа батырмен дос, құда болуға ниеттенеді. Ақмырзаның сұлу қызын Кене алады. Олар бірлесіп Қоқан қамалын алады, кейін екеуі араздасып қалып, хан Кене Жанқожаға айып төлейді. Қолжазба Орталық ғылыми кітапхананың Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде сақталған[6].

«Ыдырап жүр бұл қазақ,  
Бірлесіп басы қосылмай.  
Бас қосып еді үш Алаш  
Кешегі Төле би, Қазыбек,  
Әйтеке, Сартай тұсында-ай.  
Біршілік кетті қазақтан,  
Бұл күнде заман осындай»

деп үш бидің билік еткен заманын қимастықпен, сағынышпен еске алады, үш биге жеке-жеке тұлғалық портрет жасайды, кіші жүз

биінің әділдігін атап көрсетеді: «Әйтеке әділ би екен Теңдік алған дұшпаннан» [7, 114].

«Жанқожа батыр» жырының Орнықбай Сұлтанұлы нұсқасында үш жүздің баласы басын қосып, Түркістанның сыртындағы Күлтөбеге жиналып, кеңес құрғаны, Ұлы жүзден Үйсін Төле би, Орта жүзден Қаз дауысты Қазыбек би, Кіші жүзден Төртқара Әйтеке би шығып, «хансыз халық бола алмайды» деп, Тәуке ханның баласы Әбілқайырды тауып, Ұлы жүз ақ түйе, Орта жүз боз бие сойып, Кіші жүз ақ киізге салып хан көтергені, топырақ үйіп тақ құрып, тақ үстіне кілем жауып, Әбілқайырды мінгізіп хан сайлағаны айтылады.

«Табатын жол жүйесін жүре-жүре.  
Үшінші Кіші жүзден Әйтеке би  
Кеңестің кемеңгері еді шыққан ере.  
«Қалайда халық ісін оңғарам» деп,  
Жиналды басын қосып Күлтөбеге...  
Би өтті Әйтекедей Төртқарадан,  
Неше ру одан бері ел тараған»[7, 269].

Жырдың Орнықбай Сұлтанов нұсқасы «Ел қорғаны – ер Жәкең» [8], «Жанқожа» атты кітапта[9], сосын «Бабалар сөзі» жүзтомдығында жарияланған [7, 224-302].

Әйтеке бидің билігі жөнінде ұлтымыздың шежірелік жырларында айтылады. «Үш жүздің шежіресі» жырының «Кіші жүздің саласында» тарауында Үш жүздегі өнегелі сөзімен есте қалған би-шешендер мен найза ұстаған батырларды саналап келіп еске алғанда «Кіші жүзде Әйтекеге кім таласар» деп оның аты алдымен ауызға алынады [10,86].

«Шежіре» жырында ел арын, ер намысын жоқтаған Әлімнен шыққан атакты Әйтекебиді, дабысы жердің жүзін қаптағандай Көтібар, Жанқожа мен Есет батырды, кіші жүздің аруақты ерлерінің бірталайын атап өтеді [10, 118-126].

«Есіткен елдің бәрі таңырқапты.  
Жан берген жеті өлікке Мүсірәлі,  
Көрсетіп көп ішінде кереметті.  
Үш жүздің кеңесінде Күлтөбеде,

Пірлікке бір ауыздан халық ұнатты.  
Ортадан Әйтеке алып кеткеннен соң  
Пір болып Қаракесектің дәмін татты.  
Керейттен шыққан пірдің күмәні жоқ,  
Нандырған намы қазақ уәлаятты» [10, 130].

«Кіші жүз шежіресі» жырында Кіші жүздің батырларын, Әйтеке би, Сарынта, Жылқайдарды жырға қосады [10, 225-226]. Жырда атасы Сейітқұл аздырып-тоздырмай халқын баққан, кәріп пен жетімдерге қарасатын, заманында әділеттігімен халыққа жаққан хан болған деп дәріптеледі. Сейітқұлдың баласы Байбек те елдің азбас қамын жейтін, ақылы бай адам деген құрметке бөленген, оның тұсында халқы тыныш, елі бейбіт өмір сүрген, басынып сырттан келіп, жау тимеген көрінеді.

«Жаз жайлап, қыс Қызылға көшеді екен,  
Астына мінген жорға Ақтанкері.  
Лайық ат би мінуге жүрісі жайлы,  
Шайқалып су төгілмейд ары-бері.  
Алдынан ұшқан құсты кесе басады,  
Тарқайды үстіне мінген адам шері.  
Тebінгі былғарыдан көксауырлап,  
Күмістен ұста соққан алтын ері.  
Барады дейд айшылық жерге бір аптада,  
Жұламлап сауырынан аққан тері.  
Көрмеге қойған нақыштап,  
Белінде алтын кемері,  
Ұстаның соққан өнері.  
Ат-сайман түзеп алып Әйтекенің  
Үш жүздің жиылысына жүрген жері» [10, 239-240].

«Кіші жүз шежіресінде» ата-текті жүздің арғы атасы Жанарыстан бастап, бергі ұсақ руларға дейін таратады. Жыр арасында ру атауларын қарасөзбен тізбектеп те тарататын тұстары бар. Сонымен қатар жыршы тарихи деректерге сүйене отырып, үш жүздің басы қосылып хан, би сайлаған оқиғаларды да сөз етеді. Мәтін қалың оқушы дәптеріне араб әрпімен жазылған [11]. Шығармада ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы тарихи кезеңдер көркем

суреттеліп, қазақтың Төле, Қазыбек, Әйтеке төбе билерінің халық алдындағы беделі мен көрегендік әрекеттері жан-жақты жырланады. Әйтеке бидің әділдігі мен шешендігі, данышпандығы айырықша дәріптеледі.

«Әйтеке бидің мықтылығы» аңызында пір сайлау жұмысына кіріскенде Төле би өзінің ғұламасы Мағзаманды, Қазыбек би Ер Сейтпембетті, Әйтеке Мүсірәліні (кейінгі лақап аты – Сұпыәзі) өздерімен бірге мәжіліске ала келеді. Пір сайлау мәжілісіне бұлардан басқа молдалар мен ишандар, айбынды батырлар мен билер, сөз зергері шешендер қатысып отырған. Пір сайлауында көптің алдында өзінің кереметін көрсетіп, өнері басым түскен адам ғана ұлық пір болып сайлана алатын болады [12, 85-86].

Әйтеке бір буаз сиырды әкелдіріп, сиырдың ішіндегі бұзаудың түрін, түсін, жынысын және қандай күйде жатқанындәл айтып беруді тапсырады. Сиырды сойып, бұзауды алғанда қайсысының сөзіне бұзаудың түр-түсі дәл келсе, сол үш жүзге Ұлық пір болып сайланатынына үш би келіседі. Сопы Әзі елден ерекше өнерімен озық шығады.

«Әйтеке би» аңызында Қалманбет деген ұста Үйсін Төле бидің үйінің сыртында өсіп тұрған қисық қайыңды кесіп алып, өзіне ер жасап алады. Ер біткен соң, әдемілігіне қызыққан Төле би дауласып ерді алғысы келеді. Содан қоңсылас отырған Кіші жүз еліне барып төрелеспек болып екеуі аттарына мініп, ерді қанжығаға байлап алып жолға шығады. Былай шыққан соң Төле би жол-жөнекей ұшырасқан адамның төрелігімен-ақ бітисуді ойлайды. Жайылып жатқан үйір-үйір жылқының ішінде мал бағып жүрген жайдақ тайға мінген бір баладан төрелік сұрайды. Нәпсіге ерікберіпкөршімен қу ағашқа таласып келгенін бала айып көреді. Төреліктен жеңілген Төле би баланың аты-жөнін сұрап, оның руы – әлім, Алшын атаның баласы Әйтеке екенін біледі.

Бұл аңызда тарихи дәлдік сақталмаған, себебі Кіші жүздің биі Әйтеке бидің жасы Төле би мен Қазыбек биден көп үлкен болған.

Шешендік сөздердің ішінде ер дауына қатысты әңгіме үш түрлі шешеннің атына қатысты бірнеше нұсқада айтылады. Даудың шешімін айтатын кісінің есімі: Барлыбай, Әйтеке би, енді бірде Қазыбек би болып аздаған мәтіндік айырымдармен, ершінің

аты нұсқаларда Қалымбет, Қалмамбет, Қазымбет болып дыбыстық жағынан түрленіп келеді. Алайда даугер адам мен Төле би есімі өзгеріссіз қайталанады.

Авторлық ауыз әдебиетінің заңдылығына сәйкес сөз саптау ерекшелігі, ауызша сөйлеу тілінің мәнері ескеріліп, ОҒК-ның (1061-бума, 1065-бума) және ӘӨИ-дің Қолжазба қорында (717-бума, 9-дәптер, 856-бума, 4-тізім, 1014-бума) сақталған қолжазбаларда мәтіндік айырмашылық сараланады. Соңғы шешендік сөзде Кіші жүз бен Ұлы жүз арасында айтулы ұста соққан ер жөнінде талас болып, Төле бидің ағайынына бұра тартуы мүмкіндігінен ара ағайын ретінде шешімді Келдібекұлы Қазыбектің айтуын дұрыс көріп, соның сөзіне иек артады. Әділ сөзді Қазыбек би айтқан соң, Төле би бастаған игі жақсылар соған тоқтап, ерді орнына қоятын болады.

«Әйтекенің жекпе-жектегі жеңісі» аңызында бұрын беліне қару тағынып, жауға қайрат көрсетпеген Әйтеке Самарқан төңірегіндегі Алшындардан жиналған бес мыңдық қолды басқаруына тура келеді. Әйтеке бес мың қолмен Қалдан-Бошақты хан бастап келе жатқан қалың жоңғарға Нұрата мен Қыз-Бибі төңірегінде бетпе-бет келеді.

Қалдан-Бошақты Әйтекенің шешендік, сыншылық өнерін көру үшін неше атадан хан екенін сынатпақ болады. Әйтеке жекпе-жекке шығып келе жатып, арт жағына үш қайыра жалтақтағанына қарап оның қара басы ғана хан екенін, шешесі есігіндегі құл қытайдан тапқанын қалмақтар ғана емес, бүкіл қазақ білетінін айтады. Астындағы жүйрікаты арғымақ тұқымы болғанмен, құлын күнінде есекке телігеннен күңгірлеп кісінемей, ішін тартып, есек сияқты қышқынғанын дәлелдейді.

Қалдан-Бошақтының қолынан найзасы төмен түсе бергенде жоңғар мыңбасының бірі әмір беріп, қалмақтар лап қойып, майдан басталып кетеді. Бірінші күні күші басым жауға Әйтеке қолы төтеп береді. Бір қазақ сарбазы кешке таман жау қолына түсіп, «Әйтекеге Самарқаннан, Бұқара, Керминеден қарулы көмек келе жатыр, алды таң алдында жетеді» деген жалған мәлімет береді. Бұған иланған Қалдан-Бошақты сарбазды қазыққа отырғызып өлтіріп, таң алдында әскерінің басын Сайрам жаққа бұрады. Әйтеке жекпе-жекте қантөгіссіз жеңіске жеткен деген аңыз жетіпті.

«Әйтеке бидің қазасы» аңызында кіші жүз жаңа қонысқа қазіргі Қазалы өңіріне көшіп келіп орналаса бастағанда Әйтеке би өзіне қарасты ағайынымен Бұқара маңын қыстап қалады. Жаз шыға бытыраңқы отырған әлім, шөмен ауылдарын бір жерге жинап, көшеміз деп отырғанда Қарақалпақ жеріне барған бір жақын інісі үлкен бекірені Әйтекенің үйіне базарлыққа әкеледі. Әйтекенің тамағына бекіренің арқасындағы жиегі егеу тәрізді түрпіленген үш қырлы тасы қадала қалады. Әйтекенің тамағынан қылқан кетпей, ауруы меңдеп, үшінші жетіге қарағанда кешкі іңірдеу жеті жасында Бұқара аймағында дүниеден қайтыпты. Бір жеті жол жүріп, Әйтекенің мүрдесін сол кезде Мыңтөбедегі Сейітбаттал әулие мен Зәңгі ата мешітінің іргесіне әкеліп жерлейді.

Қолжазба қорларындағы Әйтеке би жөніндегі аңыздарда оның өмірбаянына қатысты тың деректер қамтылған, қолбасшылық шеберлігі мен өмірінің соңғы сәттері, ажалына бекіренің қылтанағы себеп болу жағдаяты баяндалған. Қолжазбалық мәтіннің деректік, мағлұматтық жүгі басым екені анық. Сондықтан би-шешендердің шығармашылығы мен өмірдерегіне байланысты мәліметтерді саралауда қолжазба қорларында сақталған дереккөздерге терең мән берілуі қажет.

### Әдебиеттер:

1 Әбуталиев Н. Әйтеке би: Деректі әңгіме. Алматы, 1995. 48 б.; Әйтеке би /Құраст. Г.Бельгер, М.Ақдәулетұлы. Алматы: Атамұра, 1998. 224 б.; Есламғалиұлы М. Әйтеке би: (Шежіренама). Алматы: Жеті жарғы, 1998. 112 б.; Әйтеке би /Құраст. С.Дәуітов. Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011. 192 б.; Үш пайғамбар: Төле би. Қаз дауысты Қазыбек. Әйтеке би /Құраст. А.Нысаналин. Алматы: Дәуір, 1992. 184 б.; Қара қылды қақ жарған: [Билер мен шешендер сөздері] /Құрастырған І.Есхожин. Алматы: Қайнар, 1995. 254 б.

2 Төле бидің тарихы. Жырлаған Қ.Байболұлы // ОҒК: 763- бума.

3 Төле бидің тарихы: Дастаннан үзінділер: [Байболұлы Қазанғап жырлаған нұсқа] /Алғы сөзін жазып, газетке ұсынған М.Қалдыбаев //Ақ жол. – 1991. – 21, 22, 25-28 маусым; Жетісу. – 1991. – 21 тамыз.

4 Байболұлы Қ. Төле би. Дастандар / Құрастырған М.Қалдыбаев. – Алматы: НБ-пресс, 1991.

5 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 57-том. Тарихи жырлар / Құраст.: Қ.Алпысбаева, А.Әлібекұлы, С.Дәуітұлы, Ж.Салтақова. – Астана: Фолиант, 2009. – 408 б.

6 Жанқожа батыр туралы // ОҒК: 1320-бума, 6-дәптер, араб әрпінде.

7 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 62-том. Тарихи жырлар/ Құраст.: Н.Елесбай, С.Қосан, А.Оралбек. – Астана: Фолиант, 2010. – 376 б.

8 Ел қорғаны ер Жәкең / Құраст.: М. Қаназ, С. Қалу. – Алматы, 2006.

9 Жанқожа батыр / Құраст. Б.Жүсіпов.– Алматы, 2007.

10 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар / Құраст.: Т.Әлбеков, Ғ.Райыс, Ж.Салтақова. – Астана: Фолиант, 2011. –432 б.

11 Кіші жүз шежіресі // ОҒК: 1118-бума.

12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. 86-том. Тарихи аңыздар (XVII-XVIII ғғ.) / Құраст.: Т.Әлбеков, Н.Мүрсәлімова, Ж.Салтақова. – Астана: Фолиант, 2012. – 448 б.

## **ХАНКЕЙ ЕРМЕК**

филология ғылымдарының кандидаты,  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институтының жетекші ғылыми қызметкері  
Алматы, Қазақстан

## **ФАНТАСТ-ЖАЗУШЫ Ж.САХИЕВТІҢ «КЕҢІСТІК КӨШПЕНДІЛЕРІ» ЖАЙЫНДА**

*Аңдатпа:* «ЖСН АР08855695 «Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің даму үрдістері» (1991-2021 жж.) ғылыми-зерттеу жобасы бойынша жазылған мақалада фантаст-жазушы Ж.Сахиевтың шығармашылығы қарастырылған. Фантастика жанры көркем ойлау мен ғылымның өзара ұштасуынан пайда болған әдебиеттің бір саласы екені мәлім. Мақалада фантаст-жазушының көркемдік-эстетикалық ізденістері салыстырмалы

## МАЗМҰНЫ

### Пленарлық мәжіліс

Әзібаева Б. Ә. Бөкейханның фольклортанулық еңбектері жайында.....	3
Жүсіп С. Ахмет Байтұрсынұлының тұңғыш кітабының жарыққа шығу хикаясы.....	10
Өздемир А. Äliухан Böкеухан ve Alaş ile ilgili türkçe çalıřmalar.....	27
Ісімақова А. Әлихан Бөкейхан ізімен.....	43
Жұбаева О. Әлихан Бөкейханның қазақ тіліндегі функционалдық стильдерді қалыптастырудағы орны .....	72
Смағұлова С. О. Ұлт көшбасшысы - Әлихан Бөкейхан .....	86
Орда Г. Әлихан Бөкейхан және Ұлы дала өркениеті.....	113

### 1-секция

#### Көркем әдебиет және өнер

Зайкенова Р. З., Шарап А.У. Тұрысбек Сәукетаевтың «Айқараңғысы» романындағы кейіпкерлер жүйесі .....	127
Хамраев А. Т., Шагимолдина М. Әзірбайжан тілінде тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиеті .....	138
Рақыш Ж. С. Жырлар мен аңыздардағы Әйтеке би бейнесі .....	146
Ханкей Е. Фантаст-жазушы Ж. Сахиевтің «кеңістік көшпенділері» жайында.....	155
Ашимова М. Г. Қазіргі қазақ әңгімелерінің дамуындағы дәстүр және жаңаша ізденістер .....	169
Әкімова Т. Т. Топонимдік аңыздардың қолжазба нұсқалары .....	179
Набиолла Н. Т. Нұрмағанбетовтың «Рухтар жерден кетеді» романындағы фольклор көріністері.....	184
Еркін Е. Фольклор – тұтас халықтың генетикалық жады ..	190
Омарбек Н. Посмодерндік ізденістер.....	203
Ахан К. Т. «Нарком Жүргенов» трагедиясының трихи һәм тәрбиелік мәні .....	211
Шералы Ш. Б. Қазіргі қазақ драматургиясының өзекті идеялары.....	214

Орда Г. Ж., Сарсенбаева Ж. Б.

**Әлихан Бөкейханның 155 жылдығына арналған  
«ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ КӨРКЕМ ӨНЕР»  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары**

Подписано в печать 00.00.2021 г.

Формат 60x84<sup>1</sup>/<sub>16</sub>.

Тираж 000 экз.

**PRINT**  
ИЗДАТЕЛЬСТВО  
И ПОЛИГРАФИЯ **EXPRESS**

г. Алматы,  
ул. Байтурсынова, 85, выше ул. Джамбула  
тел.: 292-10-95, 292-14-28  
e-mail: print\_express@bk.ru